

## БӨЛІМ: САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫ

**Ашық көрсетілім Тақырыбы: «Бағдаршам - біздің досымыз» «Күйкен бөбекжайы» МКҚК тәрбиеші:Нурымбетова М**ЖАРИЯЛАНДЫ  
14.11.2019СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/62689/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Білім беру саласы:** Таным**Ұйымдастырылған оқу қызметінің түрі:** Сөйлеуді дамыту**Тақырыбы:** «Бағдаршам біздің досымыз»

**Мақсаты:** ойынды тәрбие құралы ретінде пайдаланып, бала сезімін кеңейтіп, тілін ұштастырып, жол ережесін жасына сай меңгерту. Көшеде жүру ережесін білу арқылы жолда жүру мәдениетін үйретіп, сақтыққа тәрбиелеу. Бағдаршамның шамдары туралы түсінігін кеңейту.

**Көрнекіліктер:** жол белгілерінің суреттері, бағдаршам, ойынға қажетті үлестірмелі материалдар.

**Әдіс-тәсілдер:** сөздік, көрнекілік, ойын, практикалық.**Билингвальді компонент:** бағдаршам-светофор, жол белгілері-дорожные знаки.**Сөздік жұмыс:** бағдаршам, жол белгілері, жол ережесі.**Алдын ала жұмыс:** жол белгілері және бағдаршам туралы әңгіме жүргізу, слайдтар көрсету.

**Мотивациялық-қозғаушылық****Шаттық шеңбері:**

Біздер қазақ баласы,  
Сәлем сөздің анасы.  
Бақшаға біз келеміз,  
Жол тәртібін білеміз.  
Алдымыздан кезіккен,  
Көп танысты көреміз.  
Бәріне де ізетпен,  
Біздер сәлем береміз!

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілінің өзге мезгілдерден ерекшелігі қандай?

Жұмбақ жасыру:

Аяғы жоқ жүрмейді,

Аузы жоқ сөйлейді. (Бағдаршам).

-Балалар, біз бақшаға келе жатқанда немесе көшеге шыққанда жолдан өту үшін бізге не көмектеседі?

-Ендеше біз бүгінгі оқу қызметімізде «Бағдаршам» және жол ережелерімен танысамыз.

*бағдаршам-светофор, жол белгілері-дорожные знаки.*

Балалар шаттық шеңберінде тұрып, өлең жолдарын қайталайды.

-Көктем.

Балалар өз тәжірибелеріне сүйеніп, сұрақтарға жауап береді.

Жұмбақтың шешуін табуға тырысады.

-Бағдаршам.

**Қайталайды:** *бағдаршам-светофор, жол белгілері-дорожные знаки.*

## Ұйымдастырушылық ізденістік

**Ғажайып сөт.**

Топқа Бағдаршам қонаққа келеді. Балалармен амандасады.

**Сұрақ-жауап:**

-Балалар, бағдаршамның қызметі қандай?  
Педагог бағдаршамның қызметі туралы түсіндіреді.  
-Бағдаршамның бізге әкелген тосын сыйы бар екен. Өзінен сұрап көрейікші.  
Бағдаршам:  
-Ия, дұрыс айтасыз. Менің де балаларға алып келген тосын сыйым бар. Ол балалармен ойын.

**Ойын: «Бағдаршам».**

Шарты: бағдаршам шам көздері туралы айтады, балалар сол шам көздерінің түсін тауып, бояйды.

**Педагог:**

-Балалар, біз бағдаршамның шамдарының түсін және олардың қызметтері туралы біліп алдық. Ал, енді балалар, біз жол ережелерін де өте жақсы білуіміз керек. Өйткені, жол ережесін білмейтін болсақ, онда көшелерде жүру өте қауіпті болады. Көшеде ерсіл-қарсылы зулаған көліктер көп. Олардан өту өте қиын. Егерде балалар, біз жол ережесін біліп, сол ережені мұқият орындайтын болсақ, онда өзіміздің және жанымыздағы адамдардың өміріне қауіп төндірмейміз. Ол үшін біз жол белгілерімен танысамыз. Ал, сендер балалар бұл белгілердің қызметін есте сақтап қалуға тырысыңдар.  
Педагог балаларға жол белгілерін көрсетеді және олардың қызметтерін түсіндіреді.

**Ойын: «Белгілерді құрастыр және айтып бер».**

Шарты: балалар алған жарты белгінің екіншісін тауып, құрастырады. Содан кейін оны атап, қызметін айтып береді.

-Қандай көзін ашқанда,  
Сынық сүйем баспайды алға? (Қызыл).  
-Қайсы көзін ашқанда,  
Қарап қалмайды аспанға? (Сары).  
-Қайсы көзін ашқанда,  
Жүре берем жасқанбай? (Жасыл).

**Бағдаршам ортаға шығады:**

-Балалар, менің көйлегімнің тек қана үш түймесі бар. Олар жай ғана түйме емес, сиқырлы түйме. Бұл түймелер жаяу жүргіншілер мен көліктерді жолда жүргенде ретке келтіріп, тұрады.  
-Қараңдаршы, менің үстіңгі түйменің түсі қандай?  
-Дұрыс айтасындар, шамның бұл түсі жанғанда, көліктер тоқтап тұрады.  
-Ал, ортаңғы түйменің түсі қандай?  
-Ол нені білдіреді?  
-Ал, төменгі үшінші түйменің түсі қандай?  
-Ал, ол қандай белгі?  
-Жарайсындар, міне, алалар, көрдіңдер ме, менің үш түйменің атқаратын қызметтері әртүрлі. Осы шамдарымың қызметтерін естен шығармаңдар.

**Сұрақ-жауап:**

-Жүргіншілер қай жолмен жүру керек?  
-Жиек болмағанда ше?  
-Жолдың қай жағымен жүру керек?  
-Қоғамдық көліктерге қай жерден отырамыз?  
Педагог:  
-Өте жақсы, балалар, бағдаршамның сұрақтарына толық жауап бердіңдер. Енді бағдаршамға арнап тақпақ айтып беріңдерші.

Бағдаршаммен амандасады.

-Жол тәртібін реттеуші қызмет атқарады.  
Балалар қызығушылық танытады.

Балалар бағдаршамның тапсырмасын орындап,

шам көздерін қажет түске бояйды.  
Педагогтің әңгімесін мұқият тыңдайды.  
Слайдқа назарларын аударады.

Балалар ойын шартын түсініп, ойынға белсене қатысады.

-Қызыл.

-Сары.

-Жасыл.

Балалар таңданып қарайды.

-Қызыл.

-Сары.

-Жасыл.

-Жиек жолмен (тротуар).  
-Жер асты жолмен.  
-Оң қол жақпен жүреміз.  
-Аялдамадан отырамыз.

Балалар жатпаған тақпақтарын айтып береді.

**1 бала:**

Ашса көзек үш көзін,  
Айтты деп ұқ үш сөзін.  
Тоқта, сақтан, жол ашық.  
Жүрме жолға таласып.  
Қызыл көзін ашқанда,  
Сынық сүйем баспа алға.

**2 бала:**

Қызыл жанды, тоқтағын,  
Көрдің жұрттың тосқанын.  
Сары жанды дайындал,  
Айналана қарап ал.  
Жасыл жанды, тыңдағын,  
Жолың ашық, тұрмағын.

**3 бала:**

Мен көшеден өткенде,  
Бағдаршамға қараймын.  
Қоймаған ғой бекерге,  
Жәрдімшісі ол талайдың.

**Сергіту сәті.**

Педагог балаларды шеңберге тұрады.  
Бағдаршам қызыл көзін қолымен көрсетсе, балалар орындарында қозғалмай тұрады.  
Бағдаршам сары көзін көрсетсе, балалар қол шапалақтайды.  
Жасыл көзін көрсетсе, балалар орындарында тұрып, жүреді.

**Педагог:**

-Балалар, енді біз тағы да ойын ойнаймыз.

**Ойын: «Ретімен орналастыр».**

Шарты: балалар алдарындағы бағдаршамның көздерін ретімен орналастырады. Бағдаршам көздері жолақшаларға қойылуы тиіс.

Балалар педагогтің көрсеткеніндей қимыл жасайды.

Балалар қуана келіседі.

Ойын шартын толық орындауға тырысады.

**Рефлексиялық түзетушілік**

Педагог балалардан бүгінгі жиыннан алған әсерлерін, көңіл күйлерін, немен айналысқандарын, не үйренгендерін сұрайды.

**Қорытындылау:**

-Балалар, бізге бүгін қонаққа кім келді?

-Бағдаршам қандай қызмет атқарады?

-Шамдарының түстері қандай және олар нені білдіреді?

-Қандай жол ережелерімен таныстық және құрастырдық?

Балаларды мадақтау, марапаттау.

Қойылған сұрақтарға жауап беріп, пікірлерімен бөліседі.

-Бағдаршам.

Қызметі туралы айтып береді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** бағдаршам және жол ережелері туралы;

**Игереді:** бағдаршам шамдарын өз ретімен орналастыруды, жолақшаларға қоюды;

**Меңгереді:** жол ережелерінің қызметін, бағдаршам көздерінің түсін, ретін.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.